

СЕРІК ӘБІКЕНҰЛЫНЫҢ “ОМАР ТӨРЕ” ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕР ЖӘНЕ ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ТӘСІЛДЕРІ

ЖУНДИБАЕВА Арай

PhD доктор, Шәкәрім атындағы Семей университетінің
қауымдастырылған профессоры. Семей/ Қазақстан

МҰРАЛБЕК Мейіргүл

Шәкәрім атындағы Семей университетінің магистранты
Семей/ Қазақстан

Андатпа. Мақалада Серік Әбікенұлының деректі проза жанрында жазылған шығармаларының мазмұны, идеясы мен өзара байланысына, ондағы тарихи деректер мен кезеңдерге шолу жасалған. Автор «Омар төре» шығармасындағы детальдар мен жазушы ойының көркемдігін талдай келе, осы шығарманы оқытудағы тиімді әдіс тәсілдер мен соған орай қолдануға болатын тапсырмалар жиынтығына тоқталған. Сондай-ақ мақалада тарихи тұлғалар мен оқиғалардың көркемдік шешіммен жинақтала бейнеленуі, кейіпкерлерді даралау мен мінездеудің психологиялық ерекшеліктері дәйектелген. Тарихи шығарма тудыру үшін жазушылық талант аздық ететіні, суреткердің аса бай білім қоры мен ғұмырлық тәжірибенің болуы қажеттігі баяндалған. Оқу-тәрбие үрдісінде, жалпы жеке тұлғаның дамуында деректі проза жанрындағы шығармалармен дұрыс жұмыс істей білудің маңызы зор екеніне назар аудартады.

Кілт сөздер: *деректі проза жанры, тарихи шындық, стильдік ерекшелік, әдебиет теориясы, прозаны оқыту, оқытудың тиімді әдіс-тәсілдері.*

Кіріспе. Мемлекетіміздің жаңа тарихи кезеңге аяқ басуымен күн санап өзгеріп жатқан дүниеде халық санасында да түбегейлі өзгерістер орын алды. Осыған байланысты саналы жас ұрпақ тәрбиелеуде білім мен ғылым саласының алдында жаңаша талаптар пайда болды. Мемлекетіміздің ұлттың ұлы мұратын сақтай отырып, болашақтан өз орнын айқындау жолындағы қадамдары тікелей білім мекемелерімен байланысты. Адам бойындағы бар игі қасиет мектеп қабырғасында қаланады. Бұл ретте әдебиет пәнінің басқа пәндерден қарағанда жетекші орында тұратынын айта кеткен дұрыс.

Әдебиетті оқытудың қазіргі заманғы әдістемесі білім беру мекемелеріндегі әдебиет курсының мазмұнын байытуға және әртараптандыруға, соның ішінде бағдарламаларға жаңа авторлардың есімдерін, әр түрлі стильдегі, тенденциядағы, жанрыдағы шығармаларды енгізіп, оқушылардың әдебиет туралы сөз өнері ретінде, көркем шығарманың формальды және мазмұндық жақтарының байлығы туралы ойларын кеңейте түседі.

Әдебиеттің қоғамда алар өз орны мен мақсат міндеттері болады. Сол міндеттердің бірі – болашақты болжау, яки өткенді көз алдыға әкелу. Деректі проза – осы міндетті орындаушы жанр. Кейіпкері мен сюжеті тарихқа негізделген көркем шығарма оқырманның алдына адам сенгісіз оқиғаларды көрсете отырып, шынайылығын дәлелдейтін деректер келтіреді. Өзінің күреске толы тағдырын еске түсіріп, оның рухани тәжірибесін зерттеп, келер ұрпағы қайсар, ақылды, алғыр, мәрт мінезді болып өсуі үшін тарих тағылымының ащысын ащы, тәттісін тәтті, кермегін кермек қалпында дәмін татыру – деректі прозаның иығына артылған ауыр жүк (Бердібай, 2018: 451). Халықты оятатын, өткенін, өшкенін, өлгенін, өнгенін таразыға салатын да осы жанр (Нарымбетов, Жаппасұлы және Қажы, 2009: 213). «Отанды сезіну халқының тарихын түсіндіруге байланысты» деп жазады Л.Толстой. Ата- бабаларымыз туған жерді қалай қорғады, қандай бейнет пен азапты бастан кешті, олардың азаматтық парасаты, адамгершілік бітімі, қоғамды тану әлеуеті, саяси түсінігі, өмір мектебінен көкірегіне қонған сабағы қандай дәрежеде көрінді дегенді біз тек халық мойындаған тарихи романдар арқылы сезініп, ойға батамыз, көкірек көзімен қорытамыз (Қоңыратбаев, 1994: 142). Сондықтан тарихи шығармалар арқылы жеке тұлғаны қалыптастыру бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Оқу-тәрбие үрдісінде, жалпы жеке тұлғаның дамуында деректі проза жанрдағы шығармалармен дұрыс жұмыс істей білудің маңызы зор.

Нәтижелер. Публицистика мен көркем әдебиет тілін қатар қолданып, қиял мен шындықтың арасын ажыратып алмай біртұтас дүниені тудыру қаламгер шеберлігін көрсетеді. Оған әркімнің батылы бара бермейтіні, ол үшін үлкен жауапкершілік, терең тарихи білім, шығармашылық шеберлік, талант, қаламгерлік тәжірибе керек екені анық. Серік Әбікенұлы тарихта ауыз толтырып айтарлық ерлік жасап, елеусіз қалып кеткен бізге беймәлім есімдер мен қазақ даласының құпияға толы аңыздарын қайта жарыққа шығарып жүрген журналист, әрі жазушы. Шығармашылығының басым бөлігі деректі проза мен фильмдерге арналған. «Жетісу жазбалары» жинағында тарихқа негізделген хикаяттар мен дала қазағының аңыз – әпсаналары жарық көрген. Билікке кеңес үкіметі келіп, халықты жаппай тонау, қысым көрсету кезінде елдің атқамінер талай азаматтары халық үшін билікке қарсы шыққаны көпке мәлім болса да, олар жайлы білеріміз аз. Кәрібоз Қаңтарұлы, Суанқұл Арғынұлы, Құдиярбек Шотаманұлы, Бекболат Әшекеев, Әубәкір Жүнісов, Серікбай Қанаев, Құндақбай Төлендіұлы, Омар Мұртазаұлы – аты таңсық ерлер. 1916 жылы Қазақстанның бірнеше өңірінде (Жетісу, Торғай, Қарақара т.б) жоғарыда аты аталған ерлердің бастауымен шағын көтерілістер орын алды. Ал нәтижесінде, біріне ұры, біріне банды деген жала жабылып, ізіне әскер салды. Сотсыз және тергеусіз атылғандарды есептемегенде, 1917 жылдың 1 ақпанына дейін 347 өлім жазасына, 168 адам қаторғалық

жұмыстарға, 129 адам түрмеге жабылуға үкім шығарылған (Әбікенұлы, 2020: 6). Ұлт – азаттық көтерілістерге тарих жалпылама шолу жасайды, ал деректі прозада, жекеленген тұлғаларды зерттеп халық ауызынан жеткен әңгімелермен, дала аңызымен толықтырып мүмкіндігінше басы бүтін шығармалар арнаған.

Серік Әбікенұлының зерттеу нысаны да, басты кейіпкерлері де осы заманның зардабын шегіп, шекара асып тентіреп кеткендер мен ел қорғап көмусіз қаза тапқандар. Жазушы сөзімен айтар болсақ, бәрі өлімге тік қарайтын сайыпқырандар. Автор мүрделері мазарсыз қалған батырлардың атын қайта шығарып, қисынсыз тағылған жазалардан ақтап алу жолында көп еңбектенген. «Омар төре», «Құндақбай», «Қызбала», «Сыматай» т.б жетісу жазбаларында кездесетін әр шығарма ерлікке қойылған бір-бір құлпытас секілді.

«Туған жердің қабағы қату, жатқа барайын десе – үрей» (Әбікенұлы, <https://kitap.kz/book/zhetisu-zhazbalary-maqalalar>). Жаны мен малын аман алып қалудың жолын іздеп, туған жерді қимай, шекара асуға тағы да жүрексініп, тау-тасты паналаған қашқын жұрттың сұлбасын көз алдына әкелер – бір ғана сөйлем. «Оқтан қаймықпайтын батыл, алысқанын алыпұратын апайтөстігі өз алдына, көкейдегісін айтқызбай ұғып, тез тындыратын әбжіл» (Әбікенұлы, <https://kitap.kz/book/zhetisu-zhazbalary-hikayattar-men-angyzdar>) бұл Омар төре» әңгімесінде төре жанына ерген серіктерінің бірі Бекеннің портреті. Жазушы шығын шығарманың өзінде халықтың жәй-күйін, кейіпкерлердің сыртқы бітім-кейпін, психологиясы мен физиологиясын кәсіби шеберлікпен ашып бейнелеген.

Талқылау. Тарихты жылдардың қойнауынан алып шығып бүгіннен болашаққа жеткізуші деп тарихшылар, жазушылармен қатар ұстаздарды да айтуға болады. Кешегі топрағына қан мен тер сіңген қазақ даласының бүгінде аспаны ашық, халқы – тәуелсіз. Жиырма бірінші ғасырдың дербес мемлекетке қояр талабы да басқа. Қазіргі таңда, мұғалімнің міндеті тек білім берумен шектелмейді. Кез-келген пән сыни тұрғыдан ойлана отыра, белгілі бір нысанға өз көзқарасын еркін білдіре алатын, бәсекеге қабілетті шәкірт тәрбиелеуі керек. Жаңартылған білім беру жүйесі бойынша барлық пәндер бір-бірімен тығыз байланыста. Мысалы, деректі прозаны алсақ, әдебиеттен шығарманың мазмұнымен танысқан оқушы, тарих пәнінен сол жылдардағы шығармамен байланысты оқиғалармен танысып, ал география пәнінен оқиға болған мекендерді зерттеп, қазіргі күйімен салыстыра алады. Және бұның бәрі бір күнде өтетін сабақтар деп алсақ, оқушы бір тақырыпты жан-жақты қамтып оны толықтай меңгереді.

Оқу жүйесі, оқыту технологиялары мен әдіс тәсілдердің күннен-күнге жаңа түрлері мен бағыттары таралуда. Үнемі ізденіс пен үздіксіз өзін-өзі дамытумен жүретін мұғалім өз кезегінде, солардың ішінен тақырыбын ашуға, сабаққа қойылған мақсат міндеттеріне жетуге көмектесетін тиімді әдістерді іріктеп алады.

Енді жоғарыда айтып өткен, Серік Әбікенұлының «Омар төре» шығармасын оқыту процесінде қолдануға тиімді әдіс-тәсілдерге тоқталмақпыз.

Интербелсенді оқыту – әрекет көмегімен және әрекет арқылы үйрену, ал мұндай ұстаным қомақты нәтижелерге жеткізетін ең тиімді жүйе деп есептелінеді, өйткені адамның жадында бірінші мезетте өз қолымен жасағаны ғана қалады (Әлімов, 2014: 152). Бұл орайда, шығармашылық әдіс түрлерін қолдану ыңғайлы. Бұл әдіс негізінде мынадай жұмыстар жүргізуге болады:

- шығарманы негізге алып эссе жазу;
- басты кейіпкер туралы деректі фильм дайындау;
- шығарма сюжетіне негізделген спектакль немесе киноға сценарий құру т.б.

Яғни, оқушыға оқып отырған тақырыпқа өз ойын шығармашылық жолмен білдіріп, өзіне жаңа дүние жасап шығуға мүмкіндік беру. Ол сабақты меңгерумен қатар қызығушылығын арттырады.

Эвристикалық әдіс – мұнда да негізгі оқу материалы-көркем шығарма. Оны талдау арқылы көркем-эстетикалық, рухани, адамгершілік, қоғамдық-философиялық мәселелердің мәнін ашу көзделеді. Бұл әдіс көбіне эвристикалық әңгіме түрінде жүргізіледі. Мұны кейде эвристикалық әңгімеден соң ұстаздың сұрау тапсырмалары бойынша шәкірттердің өздері орындауы да мүмкін (Жұмажанова, 2009: 215). Әдісті қолдану арқылы «Омар төре» шығармасының жазылу мақсатын, автордың жеткізгісі келген негізгі ойын анықтауға болады. Эвристикалық әдістің тағы бір қыры сатылы түрде оқыту. Бірінші шығарма мазмұнымен танысып, кейіпкерлерге толықтай талдау жасаған оқушылар, келесі деңгейге өтіп бұл шығарманың жазылу тарихына көз жүгіртеді. Бұл әдісті мынадай тапсырмалар арқылы іске асыруға болады:

- жазушы туралы баяндама жазу;
- автордың басқа да шығармаларымен салыстырып зерттеу жұмысына жасау;
- кейіпкерлер және оның прототиптері туралы видеоматериал дайындау;

Репродуктивті әдіс – бұл әдісте оқытушы белгілі бір оқу материалын проблема қоя отырып баяндайды, әрі оған өзі жауап береді, тақырыптың мәнін түсіндіреді. Содан соң шәкірттерден дәл осы ізбен қайталап, басқа оқу материалын түсіндіруді талап етеді (Бітібаева, 2003). Мысалы, педогогикалық орта және жоғарғы оқу орындарының студенттеріне Серік Әбікенұлының шығармаларына жекелей сабақ жоспарлығын дайындату.

Қорытынды. Халық тарихын оқып-үйрену келешекті бағдарлауға көмектеседі. Сондықтан адамдар өзінің өткенін барлық тұтастылығымен – барлық деталімен білуі тиіс. Неміс публицисі Людвиг Берне: «Тарихи романдар оқиғаларға, саяси келісімдерге, газеттерге қарағанда халықты кеңінен оятты,

оларға қауіптерді ескертті және де олардың санасын өзінің күресі мен өзінің құқығымен иландырды» – деген болатын. Сондықтан ұлттық, адамзаттық құндылықтарды, халықтық мәдениет пен салт-дәстүрді құрметтейтін рухани кемелденген, отансүйгіш, ұлтжанды ұрпақты тәрбиелеуде деректі прозаны оқыта отырып, тарихи сананы қалыптастырудың рөлі ерекше. Сондықтан деректі прозаны оқыту арқылы жеке тұлғаны қалыптастыру бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып табылады. Серік Әбікенұлы ХХ ғасыр басындағы қазақ жеріндегі саяси оқиғаларға байланысты тепкі көрген, шекара асып тентіреп кеткен, ұлт үшін күрескен, ел қорғап көмусіз қалған бізге беймәлім батырларды қайта тірілтіп, қазақ даласының құпияға толы аңыздарын, ру аттарын, тарихи тұлғаларын қайта жаңғыртуға өлшеусіз үлес қосты. Мақалаға арқау болып отырған шығарманың тәрбиелік мәні мен тарихи мазмұнының тереңдігі оқыту процесінде көптеген технологиялар мен әдістерді пайдалануға мүмкіндік береді. Серік Әбікенұлының шығармашылығы оқырман мен оқушыны туған жер мен елді қадірлеуге, ұлтжандылыққа үндейді. Тарих пен әдебиеттің қосылған арнасында еңбек етіп жүрген жазушыдан әлі де күтеріміз көп.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Бердібай Р. (2018). Роман және заман. Он томдық шығармалар жинағы бесінші том. – Алматы: РПБК «Дәуір». – 285 б.
2. Нарымбетов Ә., Жаппасұлы Е., Қажы С. (2009). Әдеби өмір шежіресі: ғылыми басылым. – Алматы: Ан Арыс. – 671 б.
3. Қоңыратбаев Ә. (1994). Қазақ әдебиетінің тарихы. Алматы: Санат. – 312 б.
4. Әбікенұлы С. (2020). Омарбек Мерген. – Ана тілі. №21(1541) 28 мамыр – 3 маусым. – 6 б.
5. Әбікенұлы С. Жетісу жазбалары. Мақалалар. <https://kitap.kz/book/zhetisu-zhazbalary-maqalalar> (қаралған уақыты 22.12. 2020 ж).
6. Әбікенұлы С. Жетісу жазбалары. Аңыздар мен хикаяттар. <https://kitap.kz/book/zhetisu-zhazbalary-hikayattar-men-angyzdar> (қаралған уақыты 22.12. 2020 ж).
7. Әлімов А. (2014). Оқытудағы интербелсенді тәсілдер. – Астана.
8. Жұмажанова Т. (2009). Әдебиетті оқыту әдістемесі. – Алматы: Білім.
9. Бітібаева Қ. (2003). Әдебиетті тереңдетіп оқыту. – Алматы.

ZHUNDIBAYEVA Aray

PhD, Associate Professor

Shakarim University of Semey, Semey, Kazakhstan

MURALBEK Meyirgul

Shakarim University of Semey, Semey, Kazakhstan

Artistic features and effective ways of learning in the works of Serik Abikenova “Omar Tore”

Abstract. The article considers the content, idea and interrelation of Serik Abikenovich's works, as well as the review of historical sources and periods. the author analyzes the details and artistic nature of the author's thought in the work "Omar tore", shows that the most effective method in teaching this work is techniques and a lot of tasks that can be used. The image of historical figures and events with an artistic solution is generalized, psychological features of individualization and characteristics of heroes are fixed. The author also analyzes the fact that the writing talent is not enough to create a historical work, the artist must have rich knowledge and life experience. draws attention to the fact that in the educational process, in the development of the individual as a whole, documentary prose is of great importance in the ability to work correctly with works of the genre.

Keywords: *genre of documentary prose , historical reality, stylistic feature of literature and theory of literature, teaching prose, effective methods and techniques of reading.*

ЖУНДИБАЕВА Арай

доктор PhD, ассоциированный профессор

Университет имени Шакарима г. Семей. Казахстан, г. Семей

МУРАЛБЕК Мейргүль

Университет имени Шакарима г. Семей, Казахстан, г. Семей

Художественные особенности и эффективные способы обучения в произведении Серика Абикенулы “Омар Торе”

Аннотация. В статье рассмотрены содержание, идея и взаимосвязь произведений Серика Абикеновича, обзор исторических источников и периодов. Проанализированы детали и художественность авторской мысли писателя в произведении «Омар Торе», показано, что наиболее эффективным методом в обучении этому произведению являются приемы и множество задач, которые можно использовать. Обобщается образ исторических личностей и событий с художественным решением, закрепляются психологические особенности индивидуализации и характеристики героев. Так же автор анализирует тот факт, что писательского таланта недостаточно для создания исторического произведения, художник должен обладать богатыми знаниями и жизненным опытом. Обращает внимание на то, что в учебно-воспитательном процессе, в азвитии личности в целом, документальная проза имеет большое значение в умении правильно работать с произведениями жанра.

Ключевые слова: *жанр документальной прозы, историческая реальность, стилистическая особенность, теория литературы, преподавание прозы, эффективные методы и технология обучения.*